

Жалпы республикалық Қазақстан жастарының форумы туралы ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 982 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 450 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 450 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Жалпы республикалық Қазақстан жастарының форумы туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 30 қыркүйектегі

N 982 қаулысымен

бекітілген

Жалпы республикалық Қазақстан жастарының Форумы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Жалпы республикалық Қазақстан жастарының форумы (бұдан әрі - Форум) Қазақстан Республикасының жастары мен жастар ұйымдары уәкілетті өкілдерінің форумы болып табылады.

3. Форум өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , " Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңын , басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алады.

2. Форумның мақсаты, міндеттері мен функциялары

4. Форумның негізгі мақсаты жалпы ұлттық мүддеде өзара әлеует пен ресурстарды неғұрлым толық пайдалану үшін мемлекеттік органдардың жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылының тұтас жүйесін құру болып табылады.

5. Форумның негізгі міндеттері:

1) республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік органдар мен жастар ұйымдарының арасындағы диалог пен өзара іс-қимыл жүйесін қалыптастыру үшін қажетті ұйымдастырушылық алғышарттар жасау;

2) жалпы қазақстандық жастар ортасын қалыптастыру;

3) Қазақстан Республикасының жастары мен мемлекеттік билік органдары арасында кері байланысты қамтамасыз ету.

3. Форумның құқықтары

6. Негізгі міндеттер мен өзіне жүктелген функцияларды іске асыру үшін Форумның заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жастарға үндеулер қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру туралы ұсынымдар әзірлеуге құқығы бар.

4. Форумды өткізу тәртібі

7. Форумды дайындау мен өткізуді құрамын жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті органның басшысы бекітетін ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

8. Форум екі кезеңде өткізіледі:

1) дайындық кезеңі, ол кезде барлық облыстарда, Астана және Алматы қалаларында Форум делегаттарын сайлау жүргізіледі;

2) негізгі кезең Форумды өткізу.

9. Форумды уәкілетті орган екі жылда кемінде бір рет шақырады.

10. Форумда шешімдер қабылдау Форумға қатысушы делегаттардың ашық дауыс беруі жолымен жүзеге асырылады.

5. Форумда жастар өкілдігін қалыптастыру

11. Форум делегаттарының құрамын қалыптастыру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тіркелген жергілікті жастар ұйымдары мен республикалық жастар ұйымдары аумақтық филиалдарының қатысуымен облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы конференцияларда сайлау жолымен жүргізіледі.

12. Конференцияларға облыстың, Астана және Алматы қалаларының тіркеуден өткен жастар ұйымдарының делегат етіп жіберілген өкілдері қатысады.

13. Облыстарда және республикалық маңызы бар қалаларда Форумға делегаттарды сайлау жөніндегі конференцияларды ұйымдастыруды, өткізуді және жұмыс регламентін белгілеуді Қазақстан Республикасының жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті органы және жастар мен жастар ұйымдарының уәкілетті өкілдері қамтамасыз етеді.

14. Делегациялардың сандық құрамы әр облыстан кемінде 15 адамды, Астана және Алматы қалаларынан - кемінде 30 адамды құрайды. Уәкілетті орган Форумға қатысу үшін саяси партиялардың, Қазақстан халықтары Ассамблеясының, жастар бастамалары әскери орталықтарының, оқу орындарының, мүдделі мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін Форум делегаттарының жалпы санының 25%-ынан аспайтын санда қосымша шақыра алады.

6. Қорытынды ережелер

15. Форумда қабылданатын шешімдер ұсынымдық сипатта болады.

16. Форумда қабылданған ұсынымдар тиісті хаттамамен ресімделеді және заңнамада белгіленген тәртіппен қарау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберіледі.